ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 маусым № 4360-23-00-2/1157 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы №90 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесісі

ЖАУАПКЕР:
«Тазанұр» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нургул Донесовна Иманбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы №90 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Тазанұр» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нургул Донесовна Иманбаеваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Тазанұр» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нургул Донесовна Иманбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Тазанұр» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нургул Донесовна Иманбаевадан мемлекет кірісіне 330 (үш жүз отыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 735 (бір мың жеті жүз отыз бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «09» тамыз 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 29.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2023, судья Әбілқайысқызы А., 11.08.2023